

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____

Топ: кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.12 - 22.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Қоршаған ортадағы құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттеп біледі?"				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және		"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнау туралы қалауын айтуды, қолмен көрсетуді,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру);	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салудың үлгісін

басқалар)		ағымының астына қолдарын қойғанын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалық сақтаудың қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалды ілетін орынды және суретін көрсету.	заттың атын атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау.	балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәбиелеу.	көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру.
		Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары". Мақсат-міндеттері. Балаларды қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай орындауға ынталандыру; эмоциялық қабілеттерді дамыту. Көркемсөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі оқу	"Шыршада өседі ойыншықтар" тақпағын мәнерлеп оқу қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды шыршаға қарап, педагогтің соңынан қимылдарды қайталап, шырша туралы тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; жағымды	Саусақ жаттығуы. "Домалайды, домалайды". Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздерді саусақтардың қимылдарымен қайталауды ынталандыру; қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту. Домалайды, домалайды, (екі жұдырықты	"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды бір-бірінен ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту;

		қызметінен тыс уақытта өткізіледі және балаларға таныс болуы тиіс. Шыршада өседі ойыншықтар, (төрт саусақты бас бармақтың ұшына кезекпен тигізу) Қояндар өседі, қонжықтар. Шыршада, шыршада өседі алтын алма, Алтын алманы жұлып алма. Шыршаның, шыршаның инесін ұстама, (сұқ саусақпен бұлғау) Саусаққа тиеді, байқа! Шырша, шырша сыйлықты бермейді, "Тақпақты оқып беріңдер!" – дейді.	эмоцияларға бөлене білу қабілетін дамыту. Д. Ахметова «Шырша». Шыршада өседі ойыншықтар, Қояндар өседі, қонжықтар. Шыршада өседі алтын алма, Алтын алманы жұлып алма. Шыршаның инесін ұстама, Саусаққа тиеді, байқа! Шырша сыйлықты бермейді, «Тақпақты оқып бер!» – дейді.	айналдыру) Орнында тұрып қалмайды. (саусақпен бұлғау) Оң жақ қолмен ұстап ал, (оң жаққа бұрылып шапалақтау) Сол жақ қолмен ұстап ал. (сол жаққа бұрылып шапалақтау) Отырып ұстайсың ба? (шоқайып отырып шапалақтау) Айналып ұстайсың ба? (тұру, айналу) Ұстатпайды - (қол бұлғау) Домалайды. (екі жұдырықты айналдыру)	жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау. Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаларды бір-бірінің ішіне кезегімен салып жинау. - Қандай тамаша! Алдымызда көп сандықша. Сандықшалар бірдей емес, Кішкентай, орташа, үлкен. Кішкентайды үлкенірекке салайық, Барлығын үлкен сандыққа жасырайық.
--	--	---	---	---	---

		(шапалақтау)			
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығу 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшак, допты оң қолмен ұстап тұру. 1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу. 1–2 бір қолды алға созу, допты сол қолға ауыстыру, екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшак, допты екі қолмен алдыға ұстап тұру. 2–1 жерге отыру, допты жерге қою. 2–2 бастапқы қалыпқа келу. 2–3 жерге отыру, допты жерге қою. 2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет). 3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшак, допты екі қолмен алдыға ұстап тұру. 3–1 еңкею, допты жерге қою. 3–2 бастапқы қалыпқа келу. 3–3 еңкею, допты жерге қою. 3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдыдар "Қолдарымызды тап-таза етіп жуайық" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Қол жуу алгоритмін бекіту. Көркемсөз. Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! (Тусипжанова-Шагирова А.) Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Балалар үстел басында дұрыс отырмаса, педагог қасына барып ескерту жасайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар. Мақсат-міндеттері. Балаларды көңілдендіру. Аспаптардың түрі мен дыбыстарын ажыратуды үйрету. (музыка)				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		Музыка. "Кірпі". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілеттерін арттыру; әнді тыңдап, сын-сипатын ажырата білуді үйрету; музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды және сахналық рөлдерді қайталай білуге машықтандыру; жабайы табиғат әлемімен таныстыру. "Не, қалай дыбыстайды?" ойыны. Мақсат-міндеттері. Аңдарды дыбыстарынан	Дене шынықтыру "Қане, домалатайық!" Мақсат-міндеттері. Балалардың допты қақпаның ішіне қарай домалату іскерліктерін пысықтау; кішкентай доптарды себепттерге жинау іскерліктерін дамыту; қыс мезгілінде болатын табиғи құбылыстар жайлы білімдерін толықтыру; шапшаңдыққа тәрбиелеу.	Дене шынықтыру "Жаңа доп". Мақсат-міндеттері. Балаларға педагог лақтырған допты қағып алып, оны қайтадан лақтыруды үйрету; допты қағып алу және қайтадан лақтыру техникасы дағдыларын меңгерту; допты лақтыру қабілеттерін қалыптастыру. Балаларды педагог лақтырған допты қағып алып, оны қайтадан лақтыруды үйрету; допты қағып алу және қайтадан лақтыру техникасын епті орындау қол, дене бұлшық еттерін; дәлдеу дағдыларын	Сурет салудан ойын-жаттығу "Шыршадағы ойыншықтар". Мақсат-міндеттері. Балаларға Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, сурет салуға арналған шырша сұлбасына қызығушылығын ояту; қылқаламның ұшымен көлемі әртүрлі нүктелерді шырша кескініне толықтырып бояуды үйрету; қылқаламның ұшы қалдырған ізден тез алып, басқа бос жерге ауыстырып отыруды жаттықтыру; сурет

		тануды үйрету.		дамыту; допты лақтыру дағдыларын қалыптастыру; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру.	аяқталған соң қылқаламды тіреушеге қоя білу қабілетін пысықтау; педагогтің үлгісіне қарап, ойын арқылы ілесіп отыруға дағдыландыру.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен		Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру)	Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жауу туралы білімдерін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)	Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар.) Бақылау: ауланың қай жерінде қалың қардың жатқанына	Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (Терезедегі қырау.) Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз

		Мақсат-міндеттері. Жан-жаққа шашырап жүгіру және секіру техникаларын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Туға дейін секіру, "Қақпада". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Алға жылжи отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттықтыру.	Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруды үйрету.	балалардың көңілін аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілік пен шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Өз бетімен ойындар: өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын	күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы буы салқын терезенің шынысына буланып жабысады, ол мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауды және құбылыстарды атауды әрі қарай үйрету. Қимылды ойын. «Қасқұлақ» (қасқыр) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру) "Қасқұлақтан" тығылуды және алаңды бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау
--	--	---	---	--	---

				ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. (дене шынықтыру)	("қасқұлақ" сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), "күзетші" "қасқұлақты" қуалауға міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен үйлестіруін дамыту. Өз бетімен ойындар: ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен үйлестіре білуге ынталандыру.
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдыдар "Қолдарымызды тап-таза етіп жуайық" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Жуу алгоритмін бекіту.				

	Көркемсөз. Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! (Тусипжанова-Шагирова А.) Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Балалар орындықта дұрыс отырмаса, педагог жандарына барып ескерту жасайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Түскі ұйқы		Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Сауысқан мен көкек» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Маса мен аңдар» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Қу серке» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	"Күннің оянуы". "Күн осылай оянады". Бастапқы қалып: жүресінен отыру, қолды төмен түсіреді. (ақырын тұру, әр сөз айтылғанда қолды жоғары созу). "Жоғары, жоғары, жоғары". Бастапқы қалып: тігінен тұру, екі қол екі жаққа. (денені төмен еңкейту, қол тізеде, бастапқы қалыпқа келу) "Түнге қарай күн батады". Бастапқы қалып: дәл солай. (жүресінен отыру, қолды түсіру). "Төмен, төмен, төмен". Бастапқы қалып: жүресінен отыру, қолды түсіру. (Басты төмен - жоғары - төмен еңкейту). "Тамаша, тамаша!" Бастапқы қалып: тұру (қол шапалақтау). "Күн күлімдеді". Бастапқы қалып: тұру, қол белде. (Денені оңға-солға бұру).				

	"Күн астында тамаша өмір сүреміз!" Бастапқы қалып: дәл солай. (бір орында бір жаққа айналу, екінші жаққа қайталау). (2 рет қайталау) жолдармен жүру. "Денсаулық" (Бедерлі тақтай, уқалау жолақшалары, шөптер). Мақсат-міндеттері. Алғашқы мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауға жаттықтыру. "Мөлдір су". Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу. Жуса таза болады, Беті-қолың, маңдайың. (көркемсөз, дене шынықтыру)				
Бесін ас	"Қасықты дұрыс ұстауды үйренеміз". Балаларға қасық ұстауды үйрету жұмысын жалғастыру. Ғажайып сәт. Топқа Дана қуыршақ қонаққа келеді. Ол көжені аузына қасықпен шашыратпай апара алмайтынынан көйлегін үнемі былғап алады екен. Балалар қонаққа "Алақай" әнін айтып беріп тыныштандырады. Содан кейін педагог балаларға сиқырлы қасықтарын алып, Данаға көжені қалай ішуге болатынын көрсетуді ұсынады. Дана балаларға көмектері үшін алғыс айтады. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және		Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығулар "Жасыл шырша". Мақсат-міндеттері. Балаларды шыршамен	Музыкадан ойын-жаттығу "Ғажайып сыйлықтар". Мақсат-міндеттері. Балалардың әннің сыр-сипаты мен	Құрастырудан ойын-жаттығу "Мұнара". Мақсат-міндеттері. Балаларға текше мен призмадан мұнара құрастыруды үйрету;	"Дұрыс орналастыр" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың қимыл жылдамдығын арттыру. Үлкен қорапқа

басқалар)		таныстыру, шыршаның басқа өсімдіктерге, ағашқа, гүлге, ұқсамайтыны жөнінде ұғым беру; шыршаның түсі өзгермейтінін және жаңа жылда барлық адамдарға қуаныш сыйлайтыны туралы түсінік қалыптастыру.	қарқынын ажыратып, ырғаққа сай үйлесімді қимылдар жасай білу дағдыларын жетілдіру; топпен ән айту дағдыларын меңгерту.	мұнараны құрастыра алу қабілетін арттыру; текшелерді бір-бірінің үстіне қоя отырып, материалдардың тұрақтылығын байқай білу қабілетіне үйрету. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдауы мен байқағыштығын және танымын дамыту.	текшелер мен шарларды салу. Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек. (сенсорика, сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс		Өнер бұрышында бірлескен әрекет. Жеке жұмыс (мүсіндеу, сурет салу, жапсыру).	"Қыс" мезгілі туралы әңгімелесу. (сюжеттік суреттерді қарастыру). Мақсат-міндеттері.	"Салғыш ойыншықтармен" ойындар. Мақсат-міндеттері. Салғыш	"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балалардың

		Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. (мүсіндеу, сурет салу, жапсыру)	Балаларды қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; жаз мезгілі туралы түсініктерін тиянақтау. (сөйлеуді дамыту)	ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуды дағдыландыру; ойлау, зейін, қабылдау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Әр ойыққа кескіні бойынша сәйкес суреттерін тауып салу. Балалардың жағымды көңіл күйге бөленуіне мүмкіндік жасау; ойлау, зейін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Не боп қалды? Не боп қалды? Пішіндер шашылып қалды! Қане, жылдам, достарым, Орнына орналастыр! (сенсорика)	жағымды эмоцияларын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, ересекке сенімділікті арттыру. Оң қолымда бес саусақ (оң қолының саусақтарын көрсету) Сол қолымда бес саусақ (сол қолдың саусақтарын көрсету) Бәрін қоссақ – он саусақ (екі қолының саусақтарын қосу) Оң аяқпен секіремін (екі аяқпен кезек секіру) Сол аяқпен секіремін (бір орында жүру) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
--	--	---	--	---	---

Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқкиімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері. Балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқкиімді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киім киюдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Серуен	Түскі серуенде табиғатты бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жууды дағдыға айналдыру. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Кешкі ас	Гигиеналық дағдыдар "Қолдарымызды тап-таза етіп жуайық" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Жуу алгоритмін бекіту. Көркемсөз. Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! (Тусипжанова-Шагирова А.) Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Балалар орындықта дұрыс отырмаса, педагог жандарына барып ескерту жасайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)
Балалардың дербес әрекеті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)

(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, Жаңа жыл мерекесіне байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілі тақырыбындағы бояуға арналған суреттерін бояту. Аққаланы мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Еркін рөлдік ойындар.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Қоршаған ортадағы құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттеп біледі?"